



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі



**«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
18 сәуір, 2025 ж.**

«数字智能技术在现代汉语教学中的应用问题»

国际学术研讨会论文集

2025 年 4 月 18 日

**«ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЦИФРОВЫХ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ
СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА»**

**Материалы международной научно-практической конференции
18 апреля, 2025 г.**

**«ISSUES IN THE APPLICATION OF DIGITAL INTELLIGENT
TECHNOLOGIES IN MODERN CHINESE LANGUAGE
TEACHING»**

**Materials of the international scientific and practical conference
April 18, 2025**

**АСТАНА, 2025
ASTANA, 2025**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
哈萨克斯坦共和国教育部
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
列·尼·古米廖夫欧亚国立大学
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ
语言文学系汉语言文学教研室
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ КАФЕДРА КИТАЙСКОЙ ФИЛОЛОГИИ
FACULTY OF PHILOLOGY DEPARTMENT OF CHINESE PHILOLOGY

«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН
ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
18 сәуір, 2025 ж.

«数字智能技术在现代汉语教学中的应用问题»
国际学术研讨会论文集
2025 年 4 月 18 日

«ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЦИФРОВЫХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ
В ПРЕПОДАВАНИИ СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА»
Материалы международной научно-практической конференции
18 апреля, 2025 г.

«ISSUES IN THE APPLICATION OF DIGITAL INTELLIGENT TECHNOLOGIES IN
MODERN CHINESE LANGUAGE TEACHING»
Materials of the international scientific and practical conference
April 18, 2025

Астана, 2025

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923
Қ 22

Редакциялық алқа:

Е.Б. Сыдықов – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы – Ректор
А.Б. Бейсенбай – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
С.М. Дүйсенғазы – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің деканы
А.У. Исаев – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі
Г. Ахметбек – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасының доцент м.а.

Жауапты хатшы: Г.Т. Елубаева

Қ 22 «Қазіргі қытай тілін оқытуда цифрлық интеллект технологиясын қолдану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (2025 жылдың 18 сәуір, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2025. – 174 б. – қазақша, қытайша, орысша.

ISBN 978-601-337-998-2

Бұл Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті Қытай филологиясы кафедрасы ұйымдастырған «Қазіргі қытай тілін оқытуда цифрлық интеллект технологиясын қолдану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастық байланыс аясында және «БҰҰ-дағы қытай тілі күніне» орай ұйымдастырылған осы конференцияның жинағына қатысушылардың жасаған баяндамалары мен ұсынған мақалалары сұрыптап енгізілді. Жинақта цифрлық интеллект технологиялары: қазіргі кезеңдегі қытай филологиясының дамуы; қытай тілін халықаралық деңгейде оқыту және заманауи технологияларды қолдану мәселелері сияқты бағыттарда жазылған авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған. Мақалалар тек авторлық нұсқада жарияланды, мақала көзқарасына авторлар жауапты.

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923

ISBN 978-601-337-998-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қытай филологиясы кафедрасы, 2025
© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева кафедра китайской филологии, 2025
© L.N. Gumilyov Eurasian national university department of chinese philology, 2025

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНЫП ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ОҚЫТУ

Шәріпхан Мерей

Аға оқытушы, магистр, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
merei1965@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қытай тіліндегі сөздердің анықтамасы мен құрылымы және оның түрлері баяндалады.

Кілт сөздер: сөз тіркестері, анықтамасы, құрылымы, түрлері.

ОБУЧЕНИЕ КИТАЙСКИМ СЛОВСОЧЕТАНИЯМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Шарипхан Мерей

Старший преподаватель, магистр, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
merei1965@mail.ru

Аннотация. В статье описываются определения и структура слов в китайском языке, а также их типы.

Ключевые слова: слова сочетания, определение, структура, типы.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту жүйесінің орнын біртіндеп цифрлық интеллект технологиялары басып бара жатқандығы барлығымызға аян. Жасанды интеллектті пайдаланып сабақ оқыту оқу сапасын жақсартумен қатар, оқыту өнімділігін де арттырады.

Қытай тілі елімізде жаңадан қолға алынып келе жатқан тың сала, барлық жоғары оқу орындарын айтпағанның өзінде, кейбір бастауыш және орта мектептерде де қытай тілі пәнін оқыту жолға қойылған. Бірақ, маман тапшылығы мен оқыту құралдарының жетіспеуі күрмеуі қиын мәселеге айналып отыр.

Бұл мақалада біз қытай тіліндегі сөз тіркестерінің анықтамасын, құрылымын және оның түрлерін талдаймыз.

Алдымен анықтамасына тоқталайық: Сөз тіркесі (词组) – екі немесе одан да көп сөздердің жиынтығы. Айталық: 新社会, 打扫干净, 破除迷信. Кейде 短语 деп те аталады [1, 222]. Мұны қазақ тілінің түсіндірме сөздігімен толықтырсaq: Сөз тіркесі – синтаксистік қатынасты білдіру үшін екі немесе бірнеше сөздің сабақтаса байланысқан тобы [2, 740]. Екеуі де ұқсас мағынада, сөз тіркесінің анықтамасын беріп отыр.

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінің құрылымына мынадай мысалдар келтіруге болады:

- екі әріпті сөз тіркестері: 打球, 上课, 跳舞, 起床, т.б. [3, 154];
- үш әріпті сөз тіркестері: 看一下, 我爸爸, 美国人, 男老师, т.б. [3, 83];
- төрт әріпті сөз тіркестері: 中国学生, 外国医生, 我们学院, 他的照片, т.б. [3, 100];
- бес әріпті сөз тіркестері: 不会有问题, 还没有起床, 吃点儿蛋糕, 不应该喝酒, т.б.

[3, 156]; алты әріпті сөз тіркестері: 上午还是晚上, 愿意学习汉语, 工作还是休息, 睡觉还是起床, т.б. [3, 175];

- жеті әріпті сөз тіркестері: 常常在家喝咖啡, 刚才在陆雨平家, 刚才在留学生楼, 刚

才打扫了宿舍, т.б. [3, 212];

- сегіз әріпті сөз тіркестері: 买衣服还是买本子, 吃中药还是吃西药, 要香蕉还是咬苹果, т.б. [3, 175];

- тоғыз әріпті сөз тіркестері: 汉语学院和外语学院, 给妈妈寄了一件礼物, 外婆问丁云和古波好, 对英国足球也感兴趣, т.б. [3, 100; 212; 4, 254];

- он әріпті сөз тіркестері: 学习语言还是学习文学, 喜欢香蕉还是喜欢苹果, 给陆雨平打了一个电话, 给马大为租了一间房子, т.б. [3, 175; 212];

- он бір әріпті сөз тіркестері: 给宋华买了一个生日蛋糕, 去公园已经一个半小时了, 您就是留学生队的教练吧, 记得上大学三年级的时候, т.б. [3, 212; 4, 57; 147; 254];

- он екі әріпті сөз тіркестері: 不但喜欢音乐, 而且喜欢美术; 不但盖了新楼, 而且买了汽车, т.б. [4, 212];

- он үш әріпті сөз тіркесі: 我们系的老师和你们系的老师, т.б. [3, 100];

- он төрт әріпті сөз тіркестері: 不但学习汉语, 而且学习中国文化; 不但种温室蔬菜, 而且用电脑管理, т.б. [4, 212];

- он бес әріпті сөз тіркесі: 汉语学院的学生和外语学院的学生, т.б. [3, 100]. Осылай он

сегіз әріпті: 虽然从来没去过英国, 但是很喜欢英国文学[4, 168], жиырма үш әріпті сөз тіркестері 虽然从来没有学过京剧, 可是觉得京剧的影月特别优美[4, 168] болып қатары молығып кете береді. Осыдан-ақ қытай тіліндегі сөз тіркестерінің құрылымы таяздан тереңге, қарапайымдықтан күрделікке қарай құлаш сермегенін көруе аламыз. Сөздің суын сығып, майын ішкен кейбір тіл мамандар сөз тіркестерін арнаулы пән ретінді өтуді ұсынып отыр, сөз тіркесінен сөйлем құралатынын ойласақ, бұл да зерттеуге тұратын тың тақырып.

Сөз бен сөз тіркесін ажыратудың қалыпқа түскен бірізді қағидасы жоқ, десе де құр шөппен ауыз сүртпей, қытайдың <https://www.baidu.com> сайытынан 什么什么词组吗? - деп іздестірсек, жасанды интеллект шамасының жетісінше сіздің сұрауыңызға жауап береді. Қазіргі қытай тілі сөздігінде 词组 (сөз тіркесін) - ді 短语 деп те аталады делінген [1, 222]. Ал, жоғарыда аталған сайттың жасанды интеллекті осы екі мәндес атаудың айырмашылықтарын атап көрсеткен, әрі олардың ағылшыншасы 词组 (word group) , 短语 (phrase) деп аударған.

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінің негізгі түрлері төмендегідей:

1. 联合词组 Салалас сөз тіркестері

Аталмыш сөз тіркестері ұқсас екі немесе екіден артық сөздердің бірігуі арқылы ыңғайластық байланысты білдіретін сөз топтарын айтамыз. Мысалы: 老师学生, 他和我, 参观访问, 积极努力, 耐心地温和地, т.б. [5, 157-158];

2. 主谓词组 Бастауыш-баяндауыштық сөз тіркестері

Мұндай сөз тіркестері баяндау мен баяндалу байланысы негізінде топтастырылған сөздер тобы. Айталық: 头发长, 他描写, 我看, 目的明确, т.б. [5, 165-166];

3. 动宾词组 Етістік-толықтауыштық сөз тіркестері

Аталмыш сөз тіркестері меңгеру мен меңгерілу қатынасына сай құрылған сөздердің жиынтығы. Мысалы: 吃早饭, 写汉字, т.б. [5, 169-170];

4. 偏正词组 Сабақтас сөз тіркестері

Мұндай сөз тіркестері анықтап тежеу және анықталып тежелу негізінде қалыптасатын сөз топтары. Айталық: 沙漠地带, 地理老师, 详细解释, 很结实, т.б. [5, 174-175];

5. 数量词组 Сан есім-мөлшер сөзді сөз тіркестері

Аталмыш сөз тіркестері сан есім мен мөлшер сөздерден құралған сөздердің жиынтығы. Мысалы: 一张, 两支, 五天, 七块, 十一盒, 十二点, 十六本, 二十公斤; 一次, 两趟, 九遍, т.б. [5, 181-182];

6. 补充词组 Толықтырғыш сөз тіркестері

Мұндай сөз тіркестері толықтыру негізінде топтастырылған сөз топтары. Айталық: 洗干净, 选出, 高得很, 少 (一) 点儿, т.б. [5, 190-191];

7. 方位词组 Бағыт-бағдарлық сөз тіркестері

Аталмыш сөз тіркестері бағыт-бағдарлық сөздерді өзек етіп өрнектеліп, мекендік, мезгілдік немесе сан-мөлшерлік сөздерден сомдалған сөз жинағы. Мысалы: 城东, 路南, 校外, 屋里; 夜里, 三天前, 饭后, 一个星期左右; 三十岁以上, 四十里以外, т.б. [5, 197];

8. 固定词组 Тұрақты сөз тіркестері

Мұндай сөз тіркестері белгілі сөздерден құралған тұрақты пішіндегі, ерекше бір ұғымды білдіріп, біртұтас қолданылатын сөз топтары. Айталық: жалқы есімдер, атау-терминдер немесе идеомалар. Мысал келтірсек: 全国人民代表大会, 人民英雄纪念碑, 有始有终, 坐井观天, 中华人民共和国, 北京语言大学外国留学生, т.б. [5, 208-209]. Бұл қатарды бұдан ары тармақтап, таратып, бұтарлай беруге болады. Бірақ бір мақаланың көлеміне мұндай ауқымды тақырыпты тықпалап тығындау ұғымға ауыр.

Қортып айтқанда, қытай тілінің сөз тіркестер жасанды интеллекттің жәрдемімен оқыту қазіргі заманның талабы. Сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымын, қолданылу тәсілдерін, басқа сөз таптарымен болған байланысын, пайдалану барысындағы көңіл бөлетін түйткілдер тағы сол сияқты сан салалы, сабақты сұрақтардың толағай жауаптарын цифрлық интеллект технологиясынан толық табуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 现代汉语词典. 中国社会科学院语言研究所词典编辑室编. 第 5 版. – 北京: 商务印书馆, 2010. – 1869 页.
2. Т. Жанұзақов. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
3. 刘珣. 新实用汉语课本, 第 1 册. – 北京: 语言大学, 2011. – 242 页.
4. 刘珣. 新实用汉语课本, 第 2 册. – 北京: 语言大学, 2007. – 296 页.
5. 李德津, 程美珍. 外国人实用汉语语法. – 北京: 语言大学, 2009. – 652 页.

TEACHING CHINESE PHRASES USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Sharipkhan Merei

Senior Lecturer, Master's degree, ENU named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan
merei1965@mail.ru

Annotation. The article describes definitions and structures of words in Chinese language as well as their types.